

**Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі  
«Қарағанды индустриялық университеті» КеАҚ**

«Қарағанды индустриялық университеті» КеАҚ жанындағы 6D070900 (8D07202) – «Металлургия» («Қара және түсті металдар металлургиясы» ББ) мамандығы бойынша Диссертациялық кеңестің Әбдірашит Асылбек Мирамханұлының 6D070900 (8D07202) – «Металлургия» («Қара және түсті металдар металлургиясы» ББ) мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін иелену үшін ұсынылған **«Отандық шикізаттан орта көміртекті ферромарганецті балқытудың ресурс үнемдеуші технологиясын әзірлеу және енгізу»** тақырыбындағы диссертациясын қорғау жөніндегі отырысының

**№6 ХАТТАМАСЫ**

**Теміртау қ.**

**09 қараша 2024 ж.**

**Диссертациялық кеңес төрағасы:** Зобнин Николай Николаевич – техника ғылымдарының кандидаты;

**Ғалым хатшы:** Ержанов Алмас Сатыбалдыевич – философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор (доцент).

**Төраға:** Н.Н. Зобнин

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №126 бұйрығымен бекітілген Диссертациялық кеңес туралы үлгі ережеге, 2024 жылғы 14 маусымдағы №294 бұйрығымен және 2024 жылғы 29 тамыздағы №425 бұйрығымен енгізілген өзгерістерге сай бекітілген Диссертациялық кеңес туралы үлгі ережесіне сәйкес «Қарағанды индустриялық университеті» КеАҚ жанындағы 6D070900 (8D07202) – «Металлургия» («Қара және түсті металдар металлургиясы» ББ) мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін докторлық диссертацияны қорғау жөніндегі Диссертациялық кеңестің 4 адамнан тұратын тұрақты тізімдік құрамы университеттің Басқарма төрағасы - Ректордың 2024 жылғы 30 шілдедегі №05.1-01-01/18 бұйрығымен және 16 қазандағы №05.1-09/20 бұйрығымен бекітілді.

Бүгінгі отырысқа қатысатын Диссертациялық кеңестің тұрақты мүшелері:

- Зобнин Николай Николаевич – кеңес төрағасы, техника ғылымдарының кандидаты;

- Келаманов Бауыржан Сатыбалдыұлы – кеңес төрағасының орынбасары, техника ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент);

- Ержанов Алмас Сатыбалдыевич – кеңестің ғалым хатшысы, философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор (доцент);

- Панин Евгений Александрович – кеңес мүшесі, философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор (доцент).



2024 жылғы 30 қыркүйектегі диссертацияны қорғауға қабылдау жөніндегі Диссертациялық кеңес отырысының №3 хаттамасы негізінде «Қарағанды индустриялық университеті» КеАҚ жанындағы 6D070900 (8D07202) – «Металлургия» («Қара және түсті металдар металлургиясы» ББ) мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін докторлық диссертацияны қорғау жөніндегі Диссертациялық кеңестің тұрақты мүшелері Диссертациялық кеңес ережесінің 6.1.7 тармағына сәйкес Диссертациялық кеңестің 3 уақытша мүшелерін тағайындады.

Әбдірашит Асылбек Мирамханұлының 6D070900 (8D07202) – «Металлургия» («Қара және түсті металдар металлургиясы» ББ) мамандығы бойынша Диссертациялық кеңес отырысының уақытша мүшелері:

- Капелюшин Юрий Евгеньевич – шетелдік ғалым, философия докторы (PhD);
- Толымбекова Лязат Байгабыловна – философия докторы (PhD);
- Қойшина Гулзада Мынғышқызы – философия докторы (PhD).

**Төраға:** Н.Н. Зобнин

Бүгінгі отырыста кеңестің 11 мүшесі қатысып отыр.

Қатыспай қалғандар жоқ. 2 ресми рецензенттер қатысып отыр.

Кеңес отырысын өткізу үшін кворум бар. Диссертациялық кеңестің 7 мүшесі қатысып отыр, яғни Диссертациялық кеңестің 2/3 құрамынан астамы қатысып отырғандықтан, кеңес отырысы заңды деп есептелінеді.

Диссертациялық кеңес отырысын бастауға ұсыныс жасаймын. Ұсынысқа қарсылықтарыңыз жоқ па?

Дауысқа салайық.

Дауыс бермегендер бар ма? Жоқ.

Қарсы? Жоқ.

Бірауыздан қабылданды.

**Төраға:** Н.Н. Зобнин

Дауыс беру нәтижесін ескере отырып, Диссертациялық кеңес отырысын ашық деп жариялауға рұқсат етіңіздер.

**КҮН ТӘРТІБІ:**

Әбдірашит Асылбек Мирамханұлының 8D07202 – «Қара және түсті металдар металлургиясы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін иелену үшін ұсынылған «Отандық шикізаттан орта көміртекті ферромарганецті балқытудың ресурс үнемдеуші технологиясын әзірлеу және енгізу» тақырыбындағы диссертациясын қорғау.

**Төраға:** Н.Н. Зобнин

Диссертация алғаш рет қорғалып отыр.

Диссертациялық жұмыс «Қарағанды индустриялық университеті» КеАҚ-ның «Металлургия және материалтану» кафедрасында және Ж.Әбішев атындағы Химия-металлургия институтының тәжірибелік алаңы мен



«Ферроқорытпалар және тотықсыздандыру үрдісі» зертханасында жүргізілді. Бүгінгі отырыста қарастырылатын Диссертациялық жұмыс мемлекеттік тілде қорғалады.

**Ғылыми кеңесшілер:**

1. Нурумғалиев Асылбек Хабадашевич – техника ғылымдарының докторы, профессор, «Қарағанды индустриялық университеті» КеАҚ-ның «Металлургия және материалтану» кафедрасының профессоры, Теміртау қ., Қазақстан.

2. Махамбетов Ерболат Нысаналыұлы – философия докторы (PhD), Ж. Әбішев атындағы Химия-металлургия институтының «Ферроқорытпалар және тотықсыздандыру үрдістері» зертханасының меңгерушісі, Қарағанды қ., Қазақстан.

3. Yücel Onuralp – философия докторы (PhD), профессор, Ыстамбұл техникалық университетінің (Istanbul Technical University) «Металлургия және материалтану» кафедрасының профессоры, Ыстамбұл қ., Түркия.

**Ресми рецензенттер:**

1. Жунусов Аблай Каиртасович – техника ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент), «Торайғыров университеті» КеАҚ-ның «Металлургия» кафедрасының меңгерушісі, 8D07202 - «Қара және түсті металдар металлургиясы» білім беру бағдарламасы бойынша 5-тен астам жарияланымдары бар, Павлодар қ., Қазақстан.

2. Аринова Сания Каскатаевна – философия докторы (PhD), «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ-ның «Нанотехнология және металлургия» кафедрасының аға оқытушысы, 8D07202 - «Қара және түсті металдар металлургиясы» білім беру бағдарламасы бойынша 5-тен астам жарияланымдары бар. Қарағанды қ., Қазақстан.

Күн тәртібі бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

**Диссертациялық кеңес мүшелері: Жоқ.**

**Төраға: Н.Н. Зобнин**

Диссертанттың аттестациялық жұмыстарының материалдарын жариялау үшін диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы Ержанов Алмас Сатыбалдыевичке сөз беріледі.

**Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы: А.С. Ержанов**

«Қарағанды индустриялық университеті» КеАҚ жанындағы 6D070900 (8D07202) – «Металлургия» («Қара және түсті металдар металлургиясы» ББ) мамандығы бойынша Диссертациялық кеңес Әбдірашит Асылбек Мирамханұлының «Отандық шикізаттан орта көміртекті ферромарганецті балқытудың ресурс үнемдеуші технологиясын әзірлеу және енгізу» тақырыбындағы диссертациясының қорғауға ұсынылған келесі құжаттарын есепке алады:



1. Докторант Әбдірашит Асылбек Мирамханұлының Диссертациялық кеңесте қорғауға шығу туралы өтініші;

2. «Қарағанды индустриялық университеті» КеАҚ тарапынан ғылыми кеңесші – техника ғылымдарының докторы, профессор Нурумғалиев Асылбек Хабадашевичтің пікірі;

3. Ж. Әбішев атындағы Химия-металлургия институты тарапынан ғылыми кеңесші – философия докторы (PhD) Махамбетов Ерболат Нысаналыұлының пікірі;

4. Ыстамбұл техникалық университеті (Istanbul Technical University) тарапынан шетелдік ғылыми кеңесші – философия докторы (PhD), профессор Yucel Onuralp пікірі;

5. «Қарағанды индустриялық университеті» КеАҚ-ның «Металлургия және материалтану» кафедрасының кеңейтілген ғылыми кеңесінің оң қорытындысы (2024 жылғы 28 тамыздағы №20 хаттамасы);

6. Қатты мұқабада түптелген және электрондық тасымалдағышқа жазылған диссертациялық жұмыс, сондай-ақ, мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде жазылған аңдатпа;

7. Диссертациялық жұмыс нәтижелері бойынша 12 ғылыми жұмыс жарияланды, оның ішінде: Web of Science (Clarivate Analytics) базасының Science Citation Index Expanded және Scopus (Elsevier) базасының CiteScore бойынша индекстелетін, диссертация тақырыбының ғылыми бағыты бойынша рецензияланатын ғылыми басылымдарда 2 (екі) мақала, ҚР ҒЖЖБМ ҒЖЖБССҚЕК ұсынған металлургия саласындағы отандық басылымдарда 3 (үш) мақала, халықаралық және республикалық ғылыми-практикалық конференция жинақтарында 6 (алты) мақала және 1 пайдалы модельге ҚР патенті;

8. Докторант оқыған жоғарғы оқу орнының Әдеп комиссиясының оң қорытындысы;

9. «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» АҚ-ның қорымен салыстырмалы-сәйкестендірілген талдау нәтижесінде ұқсастықтар табылмағандығын растайтын анықтама;

10. «Қарағанды индустриялық университеті» КеАҚ-ның Ғылыми кеңесінің ғылыми кеңесшілер мен диссертация жұмысының тақырыбын бекіту туралы бұйрық көшірмелері.

Докторанттың ұсынған барлық құжаттары Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны бақылау комитетінің талаптарына сәйкес рәсімделген.

**Төраға:** Н.Н. Зобнин

Аттестациялық жұмыс материалдары бойынша ғалым хатшыға немесе диссертантқа сұрақтарыңыз бар ма?

**Диссертациялық кеңес мүшелері:** Жоқ.

**Төраға:** Н.Н. Зобнин

Рақмет. Диссертация жұмысының мәні мен негізгі ережелерін баяндау үшін сөз диссертантқа беріледі. Баяндама жасау үшін сізге қанша уақыт жеткілікті?

**Диссертант:** 20 минут.

**Төраға:** Н.Н. Зобнин

Баяндама регламенті бойынша сұрақтарыңыз бар ма? Жоқ.

Асылбек Мирамханұлы, бастаңыз.

*Диссертант диссертация бойынша баяндама жасады. Әбдірашит А.М. докторлық диссертациясының зерттеу өзектілігін, ғылыми қағидаттарын, жаңалығын, негізгі мазмұны мен практикалық құндылығын баяндады.*

**Төраға:** Н.Н. Зобнин

Рақмет. Баяндама аяқталды.

Құрметті Диссертациялық кеңес мүшелері, Әбдірашит Асылбек Мирамханұлына қоятын сұрақтарыңыз бар ма?

*Диссертант Диссертациялық кеңес мүшелерінің диссертация бойынша қойған сұрақтарына толықтай жауап берді.*

**Төраға:** Н.Н. Зобнин

Сөз «Қарағанды индустриялық университеті» КеАҚ тарапынан ғылыми кеңесші, техника ғылымдарының докторы, профессор Нурумғалиев Асылбек Хабадашевичке беріледі.

*Техника ғылымдарының докторы, профессор Нурумғалиев Асылбек Хабадашевич пікірін оқыды.*

**Төраға:** Н.Н. Зобнин

Рақмет, Асылбек Хабадашевич.

Келесі сөз Ж. Әбішев атындағы Химия-металлургия институты тарапынан ғылыми кеңесші, философия докторы (PhD) Махамбетов Ерболат Нысаналыұлына беріледі.

*Философия докторы (PhD) Махамбетов Ерболат Нысаналыұлы пікірін оқыды.*

**Төраға орынбасары:** Н.Н. Зобнин

Рақмет, Ерболат Нысаналыұлы.



Келесі сөз Ыстамбұл техникалық университеті (Istanbul Technical University) тарапынан шетелдік ғылыми кеңесші, философия докторы (PhD), профессор Yucel Onuralpқа беріледі.

*Философия докторы (PhD), профессор Yucel Onuralp пікірін оқыды.*

**Төраға:** Н.Н. Зобнин

Рақмет, Yucel Onuralp.

Құрметті Диссертациялық кеңес мүшелері, сөз ресми рецензент – «Торайғыров университеті» КеАҚ-ның «Металлургия» кафедрасының меңгерушісі, техника ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент) Жунусов Аблай Каиртасовичке беріледі.

*Техника ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент) Жунусов Аблай Каиртасович пікірін оқыды.*

**Төраға:** Н.Н. Зобнин

Енді ескертулерге жауап беру үшін диссертантқа сөз беріледі.

*Диссертант ресми рецензенттің диссертацияға қатысты ескертулеріне жауап берді.*

**Төраға:** Н.Н. Зобнин

Аблай Каиртасович, жауаппен келісесіз бе?

**А.К. Жунусов:** Келісемін.

**Төраға:** Н.Н. Зобнин

Жақсы, рақмет.

Келесі сөз екінші ресми рецензент – «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ, «Нанотехнология және металлургия» кафедрасының аға оқытушысы, философия докторы (PhD) Аринова Сания Каскатаевна беріледі.

*Техника ғылымдарының кандидаты Аринова Сания Каскатаевна пікірін оқыды.*

**Төраға:** Н.Н. Зобнин

Рақмет, Сания Каскатаевна. Енді сөзді ескертулер бойынша жауап беру үшін диссертантқа береміз.

*Диссертант ресми рецензенттің диссертацияға қатысты ескертулеріне жауап берді.*

**Төраға:** Н.Н. Зобнин

Сания Каскатаевна, жауаппен келісесіз бе?

**С.К. Аринова:** Келісемін.

**Төраға:** Н.Н. Зобнин

Жақсы, рақмет.

Әбдірашит Асылбек Мирамханұлы, отырыңыз.

Енді басқа сұрақтар болмаса, диссертациялық жұмысты талқылауға көшейік. Кім сөйлейді?

### **ШҚІРТАЛАС:**

Диссертациялық жұмысты талқылау кезінде техника ғылымдарының докторы, профессор **Нурумғалиев Асылбек Хабадашевич**, философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор (доцент) **Ержанов Алмас Сатыбалдыевич**, философия докторы (PhD) **Капелюшин Юрий Евгеньевич**, философия докторы (PhD) **Есенғалиев Дәурен Амангелдіұлы**, философия докторы (PhD) **Қуатбай Ербол Қуатбайұлы**, техника ғылымдарының кандидаты **Жабалова Гульнара Газизовна**, техника ғылымдарының кандидаты **Зобнин Николай Николаевич** докторлық диссертацияның өзектілігін, ғылыми қағидаттарын, жаңалығы мен практикалық құндылығын баяндай келе диссертациялық жұмыс алдына қойылған мақсаттарына толықтай жеткен, аяқталған жұмыс және жұмыстың авторы 8D07202 – «Қара және түсті металдар металлургиясы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық деп өз пікірлерін ортаға салды.

**Төраға:** Н.Н. Зобнин

Жеткілікті болса, енді регламент бойынша жасырын дауыс беру рәсіміне көшеміз. Жасырын дауыс беру үшін бізге есеп комиссиясының құрамын сайлау қажет. Есеп комиссиясын келесі құрамда сайлау туралы ұсыныс түсті. Ұсыныс бойынша:

Қойшина Гулзада Мынғышқызы - есеп комиссиясының төрағасы;

Толымбекова Лязат Байгабыловна - есеп комиссиясының мүшесі;

Ержанов Алмас Сатыбалдыевич - есеп комиссиясының мүшесі.

Дауысқа салайық.

Дауыс бермегендер бар ма? Жоқ.

Қарсы? Жоқ.

Бірауыздан қабылданды.

Есептік комиссия құрамы бірауыздан сайланды.

Жасырын дауыс беру үшін үзіліс жарияланады. Есептік комиссия, жұмысқа кірісулеріңізді сұраймын. Дауыс беруге кірісулеріңізге болады.



*Есептік комиссия, жұмысқа кірісті. Жасырын дауыс беру үшін үзіліс жарияланды. (Үзілістен кейін)*

**Төраға:** Н.Н. Зобнин

Кенестің жұмысын жалғастырамыз. Жасырын дауыс беру нәтижелерін жариялау үшін, сөз есеп комиссиясының төрағасы Қойшина Гулзада Мынғышқызына беріледі.

**Есептеу комиссиясының төрағасы:** Г.М. Қойшина

Әбдірашит Асылбек Мирамханұлының 8D07202 – «Қара және түсті металдар металлургиясы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін иелену үшін ұсынылған диссертациясын қорғау бойынша жасырын дауыс беру кезінде есеп жүргізу үшін комиссия сайланды.

6D070900 (8D07202) – «Металлургия» («Қара және түсті металдар металлургиясы» ББ) мамандығы бойынша Диссертациялық кенестің тізімдік құрамында 7 адам бекітілген. Жасырын дауыс беруге ресми рецензенттер қатысады, олардың дауыстары Диссертациялық кеңес мүшелерінің дауыстарына тең.

Әбдірашит Асылбек Мирамханұлына 8D07202 – «Қара және түсті металдар металлургия» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы жасырын дауыс беру нәтижелері: Дауыс беруге қатысқандар саны – 9. Комитет алдында философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін Комитетке ұсыныс жасау – 9. Диссертацияны пысықтауға жіберу – 0. Диссертацияны қайта қорғауға жіберу – 0. Комитет алдында философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін Комитетке ұсыныс жасаудан бас тарту – 0. Жарамсыз бюллетендер – 0.

**Төраға:** Н.Н. Зобнин

Есептік комиссия хаттамасын бекіту ұсынылады. Есептік комиссия хаттамасын бекітуді кім қолдайды?

Дауысқа салайық.

Дауыс бермегендер бар ма? Жоқ.

Қарсы? Жоқ.

Есептік комиссия хаттамасы бірауыздан қабылданды.

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

«Қарағанды индустриялық университеті» КеАҚ жанындағы 6D070900 (8D07202) – «Металлургия» («Қара және түсті металдар металлургиясы» ББ) мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін докторлық диссертацияны қорғау жөніндегі Диссертациялық кеңес көпшілік алдында диссертацияны қорғау және жасырын дауыс беру нәтижелері негізінде Әбдірашит Асылбек Мирамханұлына 8D07202 – «Қара және түсті металдар металлургиясы» білім беру бағдарламасы бойынша Комитет



алдында философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін Комитетке ұсыныс жасауға шешім шығарды.

**Төраға:** Н.Н. Зобнин

Рақмет. Диссертантқа қорытынды сөз беріледі.

*Диссертант қорытынды сөзін айтты.*

**Төраға:** Н.Н. Зобнин

Осымен Диссертациялық кеңестің отырысы аяқталды.

**Диссертациялық кеңес төрағасы,  
техн. ғыл. кандидаты**



**Н.Н. Зобнин**

**Диссертациялық кеңестің  
ғалым хатшысы,  
философия докторы (PhD),  
қауымд. профессор (доцент)**



**А.С. Ержанов**